



Ұлытау

БЕРЕКЕ — БІРЛІКТЕ!

№36 (6596)
Сенбі
19 қыркүйек
2026 жыл

Газет 1940 жылдан
бастап шығады

Аймақтық қоғамдық-саяси апталық

Аудан әкімдігінде

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау ауданының әкімі Аманжол МЫРЗАБЕКОВТИҢ төрағалығымен кеңейтілген аппарат мәжілісі өтті. Жиынға мәслихат төрағасы Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлімдер мен мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Өзекті мәселелер талқыланды



Кеңейтілген аппарат мәжілісінде ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы салаларындағы атқарылып жатқан жұмыстардың барысы қаралды. Сонымен қатар ведомстволық архивтердің жай-күйі мен архив құжаттарын мемлекеттік архивке өткізу мәселелері талқыланды.

⇒ 2-бетте

Жәрмеңке

Ауылдың ақ дастарханы — қала төрінде



Альмира ОСПАН

Ұлытау ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері облыс орталығындағы жәрмеңкеде жергілікті өнімдерін ұсынды. Облыс орталығында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтіп, оған Ұлытау ауданының бірқатар шаруашылықтары белсенді қатысты. Қала тұрғындарына ауданнан арнайы жеткізілген ет, сүт өнімдері мен өзге де азық-түлік тауарлары ұсынылып, ауыл еңбегінің берекелі нәтижесі көпшілік назарына ұсынылды.

⇒ 3-бетте

Ауыл шаруашылығы

Пионер қарбызы — ауылдың берекелі бренді

Альмира ОСПАН

Пионердің құмдауыт төсінде қарбыздың тарихы бүгін басталған жоқ. Ауылдың үлкендерінің айтуынша, бұл маңда бақша кәсібінің тамыры тым әріде жатыр. Бір кездері сырттан келген диқандар осы жердің топырағына қарбыз дәнін сіңіріп, шөлейт даланың өзінде тәтті өнім өсіруге болатынын көрсеткен. Елішінде бақша кәсібін алғаш қолға алғандардың арасында корейлер болғаны да айтылады. Кейін олардың тәжірибесі жергілікті жұртқа тарап, қарбыз өсіру дәстүрі жалғасын тапқан.



⇒ 5-бетте

Ауыл тынысы

Мәдениет үйі жаңғыртылуда

Ұлытау ауданында елді мекендердегі мәдени нысандарды жаңғыртып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Соның бірі – Байқоңыр ауылындағы мәдениет үйінде жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстары.



Мәдениет үйін жөндеудің негізгі мақсаты – ғимараттың сыртқы келбетін жаңартып, нысанның жағдайын жақсар-

ту және ауыл тұрғындарының мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуына қолайлы жағдай жасау.

Қазіргі таңда ғимараттың қасбеті жаңартылып, терезелері мен есіктері толық ауыстырылды. Сонымен қатар, жөндеу жұмыстарының өзге де кезеңдері белгіленген жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

Мәдениет үйі – ауыл тұрғындарының басын қосып, түрлі мәдени іс-шаралар, мерекелік кештер, шығармашылық кездесулер мен қоғамдық маңызды шаралар өткізілетін орын. Сондықтан нысанды жаңғырту ауылдың мәдени өмірін жандандыруға және тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі болып табылады.

Бүгінде нысандағы жөндеу жұмыстары белгіленген кестеге сай жалғасуда. Жоспарға сәйкес, Байқоңыр ауылының мәдениет үйіндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарын биылғы жылдың қазан айында аяқтау көзделіп отыр.

Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін мәдениет үйі ауыл тұрғындарының мәдени демалысын ұйымдастыруға, шығармашылық бастамаларды қолдауға және қоғамдық іс-шараларды өткізуге қызмет ететін жаңарған нысан ретінде жұмысын жалғастырады.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Аудан әкімдігінде

Өзекті мәселелер талқыланды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жиында Сарлық, Пионер және Қоскөл елді мекендеріндегі ауыз су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары туралы ақпарат берілді. Сарлық және Пионер ауылдарындағы жұмыстарды ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін аяқтау жоспарланған. Ал Қоскөл елді мекеніндегі жоба 2027 жылы аяқталады деп көзделуде.

Сонымен бірге Бетбұлақ, Сарлық, Жезді, Қоскөл, Мибұлақ және Егінді елді мекендеріндегі электр желілерін жөндеу жұмыстарының барысы қаралды. Жоспарға сәйкес, аталған елді мекендерде 713 электр бағаны мен 26,8 шақырым электр желісін ауыстыру көзделген.

Аудан аумағындағы бірқатар автомобиль жолдарында орташа жөндеу жұмыстары

жүргізілуде. Жолдардың сапасы мен жөндеу жұмыстарының барысына қатысты мәселелер де жиын барысында назарға алынды.

Алдағы жылу беру маусымына дайындық мәселесіне де басымдық берілді. Әлеуметтік және мәдени нысандарға қажетті көмір қорын уақытылы жеткізу, сондай-ақ жылу беру маусымына дайындық паспорттарын белгіленген мерзімде алу бойынша жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктелді.

Бұдан бөлек, «Жезбұлақ» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен сумен жабдықтау және кәріз қызметтерін көрсету бойынша мемлекеттік мекемелердің келісімшарт жасасу мәселесі қаралды. Аудан әкімі келісімшарттарды белгіленген мерзімде рәсімдеу қажеттігін атап өтті.

Мәжілісте Ұлытау ауданын-

дағы мемлекеттік архив пен мекемелердің ведомстволық архивтерінің қазіргі жағдайы туралы да баяндалды. Бүгінде ауданның мемлекеттік архивінде 157 қорда 30 161 сақтау бірлігі жинақталған. Құжаттарды сақтау мен жүйелеумен қатар, оларды цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Электронды нұсқадағы құжаттар «Электронды архив» ақпараттық жүйесіне енгізілуде.

Жиын соңында аудан әкімі көтерілген мәселелер бойынша жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды және берілген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар аудан аумағында абаттандыру, санитарлық тазалық және көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп, елді мекендердің тазалығы мен көріктендірілуіне ерекше назар аудару қажеттігі айтылды.

Өзекті

Өткен аптада аудан орталығында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға және шаруаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіруге бағытталған кездесу өтті.



Агросалаға қолдау күшейеді

Жиынға Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Болат Жұмабеков төрағалық етті. Кездесуге аудан әкімі Аманжол Мырзабеков, облыстық басқармалар мен қаржы институттарының басшылары, шаруа қожалықтарының жетекшілері және ауыл шаруашылығы саласының өкілдері қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктерін түсіндіру, қаржыландыру мүмкіндіктерін таныстыру және сала өкілдерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдау.

Кездесу барысында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жеңілдетілген несие беру тетіктері кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды қолдау, кәсіпкерлерді қаржыландыру және өндірісті кеңейтуге бағытталған мүмкіндіктер туралы ақпарат берілді.

Сала мамандары шаруаларға мемлекеттік қолдау құралдарын пайдалану тәртібі, қаржыландыру бағыттары және жаңа жобаларды іске асыру мүмкіндіктері жөнінде түсініктеме берді.

Жиында «Жайлау», «Береке» және «Игілік» бағдарламаларының мүмкіндіктеріне де ерекше назар аударылды. Аталған бағдарламалар аясында ауданның ауыл шаруашылығы саласын заманауи бағытта дамыту, өндіріс көлемін ұлғайту, мал шаруашылығы мен егіншілікті жаңа технологиялар негізінде жетілдіру мәселелері сөз болды.

Кездесу барысында ауданның шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы саласының өкілдері өздерін толғандырып мәселелерін ортаға салды. Қатысушылар несие алу, мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану және өндірісті дамытуға қатысты сұрақтарын қойып, тиісті сала мамандарынан нақты жауаптар алды.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайту, жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, заманауи технологияларды енгізу және қолданыстағы қолдау құралдарын тиімді пайдалану бағыттары талқыланды.

Мұндай кездесулер шаруалар мен мемлекеттік органдар арасында тікелей байланыс орнатып, саладағы өзекті мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік береді.

Жиын қорытындысында ауыл шаруашылығы саласын одан әрі дамыту, мемлекеттік бағдарламалардың қолжетімділігін арттыру және кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдау шараларын жетілдіру бағытында бірқатар ұсыныстар айтылды.

Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының маңызды бағыттарының бірі. Сондықтан саладағы өндірісті арттыруға, шаруалардың әлеуетін күшейтуге және жаңа жобаларды жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ізбасар ОЙБАС.

Ауыл тынысы

Футбол алаңы пайдалануға берілді

Ұлытау ауданында бұқаралық спортты дамыту және ауылдық елді мекендердің спорттық инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Осы жұмыстар аясында Аманкелді ауылында жаңа футбол алаңы пайдалануға берілді.



Жаңа спорт нысанының ашылуына ауыл тұрғындары, жастар мен жас спортшылар қатысты. Салтанатты шарада Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Батырлан Сәбден ауыл тұрғындарын жаңа футбол алаңының ашылуымен құттықтап, спорт нысанының ауыл жастары үшін маңызын атап өтті.

Іс-шара барысында ауылдың ақ жаулықты аналары дәстүрге сай шашу шашып, балаларға тәттілер таратты. Бұл күні ауыл тұрғындарының қуанышына спорттық ортақ мереке ұласып, жас спортшылардың көтеріңкі көңіл-күйіне ерекше серпін берді.

Шара барысында «Жаңаарқа Құрылыс жабдықтау» ЖШС тарапынан ауылдың жас спортшыларына спорттық киімдер мен қажетті құрал-жабдықтар табысталды. Мұндай қолдау балалар мен жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Жаңа футбол алаңы ауыл жастарының спортпен тұрақты түрде айналысуына жағдай жасап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етпек. Сонымен қатар, спорттық нысан жергілікті жастар арасында бұқаралық спортты кеңінен насихаттап, түрлі жарыстар мен жаттығулар өткізуге мүмкіндік береді.

Су желілерін жаңғырту бақылауда

Сапар барысында аудан әкімінің орынбасары Сарпық ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты.



Жұмыс барысында құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалу барысы, нысанның сапасы мен белгіленген мерзімдерге сәйкестігі қаралды. Жауапты мамандарға құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізу және жоспарланған жұмыстарды уақытылы аяқтау жөнінде тиісті тапсырмалар берілді.

Ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі. Осы бағыттағы жобалардың сапалы әрі мерзімінде жүзеге асырылуы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында болады.

Сайып келгенде, жаңа футбол алаңы мен су құбыры желілерін жаңғырту жұмыстары ауылдық аумақтардың инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған нақты қадамдардың бірі болып табылады.

Аманкелді АҚШАЛ.

Жәрмеңке

Ауылдың ақ дастарханы — қала төрінде

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жәрмеңке – ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші мен тұтынушыны тікелей байланыстыратын тиімді алаң. Мұнда тұрғындар өнімді делдалсыз сатып алуға мүмкіндік алса, шаруалар өз еңбегінің жемісін кеңірек таныстырып, жаңа тұтынушылармен байланыс орнатады. Ұлытау ауданының шаруалары да осындай мүмкіндікті белсенді пайдаланып, дастарханға дайын сапалы өнімдерін алып келді.

Жәрмеңке сөрелерінен ет пен сүт өнімдері, құрт, май, қаймақ, ірімшік секілді ұлттық



мен шектелмейді. Өндірілген өнімді дұрыс таныстыру, сапалы қаптау, тұтынушыға ыңғайлы түрде ұсыну да кәсіптің ажырамас бөлігіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, жәрмеңке аудан шаруалары үшін өз өнімдерін таныстырып қана қоймай, нарық талабын бағамдайтын мүмкіндік болды.

Ауылдың берекесі – еңбекте. Жерден нәсібін тауып, төрт түлігін түлетіп, маңдай терімен өнім өндіріп отырған шаруалардың еңбегі осындай жәрмеңкелерде көпшілікке көрінеді. Ал қала төріне жеткен ауыл өнімі – ауыл мен қала арасындағы байланысты

тағамдар мен басқа да азық-түлік түрлерін кездестіруге болады. Әсіресе, заманауи әрі тартымды қаптамаға салынған сүт өнімдері сатып алушылардың назарын аударды. Ұлттық тағамды заманауи үлгіде ұсыну – ауыл өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, оның жаңа тұтынушыға жол табуына да ықпал етеді.

Жәрмеңкеде Ұлытау ауданының Пионер ауылында өсірілген қарбыздың жөні бөлек болды. Даланың ыстығы мен суын талғамай, маңдай термен өсірілген тәтті өнім қала тұрғындарының ерекше қызығушылығын тудырды. Жергілікті жерде піскен қарбыздың дәмін татып көрген жұртшылық оң бағасын берді.

Пионер ауылының қарбызы бүгінде ауданның ауыл шаруашылығы әлеуетін танытатын өнімдердің біріне айналып келеді. Бір қарағанда қарапайым ғана қарбыздың ар жағында көктемнен күзге дейінгі тынымсыз еңбек жатыр. Жерді дайындау, тұқым себу, суару, күтіп-баптау, өнімді жинау – мұның бәрі шаруадан



төзім мен жауапкершілікті талап етеді.

Жәрмеңкеде ауыл өнімдерінің сұранысқа ие болуы – жергілікті шаруалардың еңбегіне берілген бағаның бір көрінісі. Әсіресе, табиғи өнімге деген тұтынушы талабы артып отырған уақытта ауылдағы шағын және орта шаруашылықтардың өндірісін дамыту, өнім сапасын көтеру және оны тиімді өткізу маңызды.

Бүгінде ауыл шаруашылығы тек өнім өндіру-

нығайтатын, жергілікті кәсіпті қолдауға жол ашатын маңызды көпір.

Ұлытау ауданы шаруаларының облыс орталығындағы жәрмеңкеге қатысуы – өңірдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлеуетін танытып қана қоймай, жергілікті өнімді дәріптеудің де жақсы үлгісі болды. Дастарханға қойылған әрбір өнімнің артында еңбек, төзім мен береке бар. Сондықтан табиғи, таза ауыл өнімінің маңызы ешқашан төмендемейді.

Мұқан Иманжановтың туғанына — 110 жыл

Тарих кейде қалың кітапта емес, ел жадында сақталған бір мекеннің үнінде өмір сүреді. Ұлытаудан жиырма шақырым жерде табиғаты көркем, шөбі шүйгін, ел ерекше қадір тұтатын бір мекен бар. Ол — Қызылүй.

Өңір ежелден малға жайлы қоныс саналған. Жайылымының құнарлылығы төрт түліктің бабын тапқан елге жақсы таныс. Көктемде көкорай шалғыны жайқалып, жазда шөбі белуардан келетін қоныстың берекесі табиғатынан-ақ байқалады. Ел ішінде «Қызылүйдің шөбін жеген малдың еті мен сүті, майы мен қаймағының дәмі ерекше» деген сөз бар.

Табиғи көркін арттырып, тіршілігіне нәр беретін тағы бір ерекшелік — үйлердің жанынан өтетін сай. Көктемгі қар суы мен табиғи бастаулардан нәр алатын арнада ақ балық, шортан, алабұға кездеседі. Бір қарағанда қарапайым ғана көрінетін сай жергілікті жұрт үшін табиғаттың бір тартуы іспетті. Су жағасына келгенде айналадағы тыныштықты бұзбай, табиғаттың өз ырғағын сезінгендей боласың.

Қызылүйдің өсімдік дүниесі де өзінше бір сырлы әлем. Жаз шыға сай табаны мен айналадағы қыраттарда қой бүлдірген, сиыр бүлдірген, қарақат секілді жабайы жемістер піседі. Ауыл тұрғындары оларды ертеден тағам ретінде пайдаланып қана қоймай, емдік қасиетін де бағалаған. Табиғаттың осы бір қарапайым сыйын теріп, қысқа қамдайтындар түрлі тосап әзірлейді. Сөйтіп, даланың табиғи дәмі ауыл дастарханына жетіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрге айналған.

Қоныстың қадірі тек шұрайлы жайылымында емес, табиғат пен адам тіршілігінің жарасымында жатыр. Сайдың суы, даланың жемісі, шұрайлы шөбі — бәрі де өлкенің өзіндік болмысын қалыптастырған. Алайда Қызылүйдің қадірі табиғатымен ғана өлшенбейді.

Бұл мекеннің топырағында тарих бар. Әдебиет бар. Ел тағ-

Қызылүйдің қасиеті



дырымен сабақтас сыр бар. Өйткені осы қыстақта қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгері Мұқан Иманжанов дүниеге келген.

Ал оның әкесі — Арқаға аты мәлім халық ақыны, жыршы, айтыскер Иманжан Жылқайдаров. Иманжан Жылқайдаров өз дәуірінде суырып салма өнерімен танылып, ел тарихын, халықтың сөз мұрасын қадірлеген ақын.

Ол Арқаның әйгілі өнерпаздарымен араласқан. Деректерде Иманжанның Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Құлтума, Тайжан сияқты өнер иелерінен төлім алғаны айтылады. Жастайынан айтысқа араласып, он сегіз жасында ұлытаулық ақын қыз Бибіғали Оңғарбайқызымен сөз сайыстырған. Кейін Гүлжәмила, Ибадулла секілді ақындармен де айтысқан.

Иманжанның артында мол әдеби мұра қалды. Оның «Әлібек», «Сәуле», «Ақ марқа», «Әліби ерлігі», «Ұлытау», «Шақшақұлы Жәнібек», «Назымбек» секілді дастандары мен толғау-

лары белгілі. Ал «Әлібек» дастаны мен «Сабыр» толғауында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс оқиғалары жырланған.

Ақынның ел тарихы мен рухани мұраны сақтауға қосқан еңбегі де айрықша. Ол академик Әлкей Марғұлан басқарған тарихи-этнографиялық экспедицияларға қатысып, халық арасындағы әдеби мұраларды жинауға атсалысқан. Демек, Иманжан Жылқайдаровтың ғұмыры — бір ғана ақынның шығармашылық жолы емес, Арқа елінің сөз өнері мен шежіресіне ұласқан рухани тарих. Ал сол шаңырақтан кейін қазақ әдебиетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған тағы бір қаламгер шықты. Ол — Мұқан Иманжанов.

Мұқан Иманжанов 1916 жылы дүниеге келді. Қысқа ғұмырында қазақ әдебиеті мен журналистикасына, драматургия саласына елеулі еңбек сіңірді. Оның «Алғашқы айлар», «Таныс қыз», «Тыңдағылар» секілді шығармалары оқырманға кеңінен танылды.

Бүгінгі оқырман үшін Мұқан Иманжанов — әдебиет тарихындағы белгілі есім. Ал Қызылүй үшін ол — осы топырақтан түлеп ұшқан перзент. Осыны ойлағанда, қоныстың тарихы бір әулеттің тағдырынан әлдеқайда кең екенін аңғарасың. Ақынның ізі, жазушының балалық шағының бастауы, қазақ руханиятының бір тарауына айналған әулеттің тарихы сақталған.

Ел аузындағы дерекке сүйенсек, Иманжан әулеті басқа жаққа қоныс аударғаннан кейін, тұрғын үй біртіндеп қараусыз қалған. Жылдар өте қабырғалары, төбесі құлаған. Бірақ бұл шаңырақтың тарихы мұнымен үзілмеді.

Атам Шаяхмет Жұмаұлы бұл орынды Иманжанның үйі деп қадір тұтып, екі бөлмеден тұратын баспананың қабырғасын қайта көтеріп, сақтап қалған екен. Кейін совхоз кезінде аталған үй қойшылардың тұрағы ретінде пайдаланылған.

Уақыт өте үйге ие болған Әмір атамиз сол екі бөлменің қабырғасын бұзбай, жанына жаңа

үй қосқан. Одан кейін шаңырақ Орын атамиздың қолына өткен.

Бүгінде оның баласы Еркебұлан ағамыз сол шаңырақта тұрып жатыр. Осылайша бірнеше ұрпақ ауысқанымен, Қызылүйдің тарихы үзілмей бүгінгі күнге жетті.

Қазір бұл мекенге келген адам бір қарағанда қарапайым ғана қонысты көреді. Ал тарихын білетін жан үшін әрбір төбе, әрбір соқпақ, сайдағы су мен даладағы жеміс — өткен мен бүгінді жалғап тұрған табиғи шежіренің бір бөлшегіндей.

Иманжан Жылқайдаровтың есімі де, Мұқан Иманжановтың туған жері де осы өлкенің тарихымен сабақтас. Елдің өткенге деген құрметі де осындай қарапайым қоныстар арқылы көрінеді. Тарихтың қадірі де осында шығар. Біз кейде өткенді үлкен ескерткіштерден, сәулетті ғимараттардан немесе қалың кітаптардан іздейміз. Ал шын мәнінде, тарих көзге қарапайым көрінетін бір мекеннің өзінде сақталуы мүмкін. Оны сақтайтын — халықтың жады. Ал халықтың жадын ұрпақ жалғастырады. Сондықтан Қызылүйдің тарихы — бір үйдің немесе бір әулеттің ғана тарихы емес. Бұл — туған жерді қадірлеудің, өткенді ұмытпаудың, елге еңбегі сіңген азаматтардың есімін ардақтаудың өнегесі.

Туған жердің қадірін сезіну үшін кейде алыстағы тарихты іздеудің қажеті жоқ. Өз ауылыңның бір төбесі, бір қыстағы, бір сайы — талай сырдың куәсі болуы мүмкін.

Қызыл үй — сондай мекен. Оның шөбі — елдің ырысы. Суы — табиғаттың сыйы. Жемісі — даланың берекесі. Ал тарихы — ұрпаққа қалған аманат. Жердің қасиеті — табиғатында, елдің қасиеті — тарихында, ал тарихтың ғұмыры — оны жүрегінде сақтаған ұрпақта. Қызыл үйдің қадірі де осында. Бұл мекеннің ең үлкен байлығы — оның табиғаты мен тарихының бір-бірінен ажырамай, адам жадында қатар сақталуында.

Думан ЖҰМАНОВ.

Мемлекеттік қызмет

«Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңның жаңашылдықтары

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді. Заң мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

іріктеу мерзімі 5–7 жұмыс күніне дейін қысқарды. Кандидаттарды бағалау кезінде заңнаманы білуі, жеке қасиеттері, сондай-ақ, нақты лауазымға қажетті практикалық дағдылары ескеріледі.

Қызметшілердің кәсіби өсуіне жаңа мүмкіндіктер беріледі. Бір лауазым аясында көлденең мансаптық ілгерілеу тетігі енгізіліп, қызметкердің біліктілігін арттыруы, оқуы, тағылымдамасын өтуі және өзін-өзі дамытуы

кәсіби нәтижелермен қатар бағаланады. Бұл факторлар еңбекақы деңгейі мен мансаптық дамуға әсер етеді.

Сонымен бірге мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын күшейту көзделген. Жалақыны индексстеу, қосымша демалыс күндерін беру, үстеме жұмысқа өтемақы төлеу және қызмет бабымен басқа өңірге ауысқан жағдайда тиісті төлемдер қарастырылады.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп талаптарын

сақтауына қойылатын талаптар да күшейтіледі. Осы мақсатта «мінсіз бедел» институты енгізіліп, мемлекеттік қызметтің абыройын қорғау және қоғамның мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыру көзделеді.

Аталған өзгерістер нәтижесінде, жаңа заң мемлекеттік қызметті неғұрлым ашық, цифрландырылған, кәсіби және азаматтарға бағытталған жүйеге айналдыруды көздейді. Бұл өзгерістер мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырып, қызметшілердің кәсіби дамуына және әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті.

Ауыл шаруашылығы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сөйтіп, жылдар өте Пионердің аты қарбызбен астасып, ауылдың өзіне тән бір белгісіне айналды. Бүгінде бұл дәстүрді жалғастырып жүрген жандардың бірі – Иманқұл Ескендіров.

Бұл шаруашылықты ол 2023 жылы қарсақбайлық Ержан Мұсылманбекұлынан қабылдап алған. Жиырма жылға жуық бақша өсіріп, бұл кәсіптің қыр-сырын меңгерген Ержанның тәжірибесі Иманқұлдың жаңа іске бет бұруына себеп болды. Бір адамның маңдай терімен қалыптасқан кәсіп осылайша екінші қолға өтіп, жердің жадындағы еңбек жалғасты.

Иманқұл Ескендіров бастапқыда 42 гектар жерді жоңышқа егу үшін алған. Жыл сайын қуаңшылықтың күшеюі, малға қажетті жем-шөптің тапшылығы бұл бағыттың маңызын арттыра түскен. Қазір сол жердің бес гектары игеріліп жатыр. Алдағы уақытта жоңышқа алқабын да кеңейту жоспарда.

Дегенмен шаруашылықтың елге танылған негізгі өнімі – қарбыз. Әсіресе «Пионер» қарбызы бүгінде өзіндік атауы қалыптасқан жергілікті брендке айналып келеді.

Қарбыз өсіру сырт көзге оңай көрінуі мүмкін. Бірақ жерге дән түскеннен кейін оның әр күні – есеп. Алқапты бір күн қараусыз қалдырсаң, арамшөп басады. Суды уақытында бермесең, өнімге әсер етеді. Сондықтан бақша шаруасында табиғаттың райын да, жердің бабын да дөп басу қажет.

Жер жыртылады, тырмаланады, жап салынады. Үлдір тартылып, дән себіледі. Одан кейін жаз бойы суару, арамшөптен тазарту, әр түпті күтіп-баптау жұмысы жалғасады.

– Егін егу оңай шаруа емес. Жер жырту, тырмалау, дән салу, су қою, мұның бәрі – үлкен жұмыс. Арамшөп өсірмеу үшін жаз бойы далада жүреміз. Таңғы бестен күн батқанша еңбектенеміз. Сенбі, жексенбі, мереке, той-томалақ дегенді ұмыттық, – дейді Иманқұл Ескендіров.

Бақша шаруашылығында судың орны бөлек. Биыл табиғаттың өзі шаруаға сынақ ұсынды. Жазғы аптап күшейіп, су мәселесі де қиындай түскен. Тоғаннан су ағызатын құбырды тапқанша егістік он күн бойы суарылмай қалған. Оның үстіне биыл тоғанға су толық жиналмаған.

Соған қарамастан, жерден алынған өнім – маңдай тердің өтеуі. Бір гектардан шамамен 2,5 тонна өнім алынды.

Биыл шаруа қияр да егіп көрді. Алайда, оны жинау мен өткізу қарбызға қарағанда күрделірек болған. Сондықтан келесі жылы қияр егуді тоқтатуды жоспарлап отыр.

Бақшадағы ең үлкен мәселенің бірі – жұмыс күші. Ауыл-

Пионер қарбызы — ауылдың берекелі бренді



да қара жұмысқа адам табу барған сайын қиындап барады. Әсіресе жастардың мұндай еңбекке қызығушылығы төмен.

Алайда, Иманқұл Ескендіров бұл кәсіптің келешегін отбасы арқылы жалғастыруға ниетті. Үлкен ұлы келесі жыл-



дан бастап әкесімен бірге егін егуге бел буып отыр.

– Үлкен ұлым келесі жылы осы шаруашылыққа ден қойып, бірге егемін деп отыр. Онда жердің көлемін ұлғайту керек. Игерілмей жатқан жерлер бар. Тамшылатып суару жүйесіне көшуді жоспарлап жүрмін, – дейді ол.

Бұл жоспардың жөні бар.

атасының кәсібіне қолғабыс етеді. Үйдің алдында қарбыз сатып, өз еңбектерінің алғашқы нәтижесін көріп жүр. Бұл – бір қарағанда қарапайым ғана көрініс. Бірақ оның тәрбиелік мәні зор. Өйткені бала еңбекпен табылған нанның қадірін ерте сезінсе, маңдай тердің бағасын да жақсы түсінеді.

Иманқұл үшін ауыл шаруашылығы – тек күнкөрістің көзі емес. Оның туған жерге деген бала күнгі арманы да осы тірлікпен сабақтасып жатыр. Зейнетке шыққан соң ауылға келіп,

ұшы жерді игеруден көрініс тапқандай. Бір жағында – жоңышқа алқабы, бір жағында – қарбыздың қара топыраққа тамыр жайған сабағы. Әр түптің түбінде шаруаның бірнеше айлық еңбегі жатыр.

– Бір жаз бізге көмекке келіп, кәсіптің қыр-сырын үйренуге болады. Жалқау болмаса, еңбегінің жемісін көреді. Табыс туралы айтсам, бала-шағаға қол жаймай жүруге жетеді. Бірақ табыс табу үшін үлкен көлемді игеру керек, – дейді Иманқұл Ескендіров.

Шаруаның сөзі қарапайым болғанымен, астарында ауыл тіршілігінің үлкен шындығы жатыр. Жер бос жатса – береке де өнбейді. Ал еңбекпен игерілген жердің әр түйір топырағы несібеге айналады.

Бәлкім, Пионердің қарбызының дәмінің өзгешелігі осыдан шығар. Оның тәттілігінде даланың аптабы мен топырақтың нәрі ғана емес, таңғы бестен басталған бейнеттің, су күткен алқаптың, маңайдан аққан тердің дәмі бар.

Кезінде бұл жерге келген алғашқы диқандардың дәнінен басталған дәстүр бүгінде жаңа буынның қолында жалғасып келеді. Ержаннан Иманқұлға өткен кәсіп енді оның ұлына жалғаспақ. Осылайша, жердің қасиеті мен еңбектің өнегесі



оның айналасын тал-терекке орау – бала кезден көкейінде жүрген арманы.

Бүгінде сол арманның бір

ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, Пионердің қарбызы ауылдың өзіндей бір тарихқа айналып барады.

Талдысай — көненің көзі

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Ұлт ұясы — Ұлытау өз қойнауына сонау бағзы замандардың қатпарлы сырларын ішіне бүккен тарихы тым тереңде жатқан шежіреге аса бай өлке. Тарихтан жақсы білетіміздей, қазақтың Ұлы Даласын кесіп өтетін Ұлы Жібек жолының бір тармағы Ұлытауға бұрылған. Оның айқын айғағы — үлкен сауда арнасымен жалғасқан «Сарысу» немесе «Мыс жолы» Ұлы Жібек жолының бір тармағы болып есептеліндігі.



малшылар өмірін дәлелдейтін ескерткіштер бар екендігі. Ол «мұртты» қорған немесе оба деп аталады. Іргесінде тастан үйілген қорғаншалар кездеседі. Ал, ең бастысы — орта ғасырға тікелей қатысы бар. Басқамыр, қалашығы. Содай-ақ, керуеншілердің керуен жолын бақылайтын мұнара — ғажайып жәдігер. Ол тастан үйіліп жасалған. Негізінде, Басқамыр — VIII-XIII ғасырларға тән қаланың орны. Бұл жерді алғашқыда Әлкей Марғұлан зерттеген. Беріректе белгілі археологтар С.Жолдасбеков, Ж.Смайылов, Ж.Құрманқұлов кең ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізген. Басқамыр қалашығынан табылған қыштардың құрамы Аяқамыр қалашығында кездесетін қыштарға ұқсас келеді. Сонда екеуі де орта ғасыр-

Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, Ұлытау өлкесі қола дәуірінде ірі металлургия ошағы болған. Сол металл қорытқан пештердің қалдықтары табылған орын — Талдысай қонысы. Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы өңірде мыс балқытылғаны анықталған. Бүгінгі күні Талдысайдағы Сарыбұлақ, Талдыбұлақ, Аяқбұлақ — осы тұжырымның дау тудырмас дәлелі. Бұл қоныстың құндылығы — Қазақстанның басқа өңірлерінде кездеспейтін конструкциясы бөлек бірнеше мыс балқыту пештерінің табылуында. Олар көрген жанды еріксіз таң қалдырып, тамсантады. Бұл пештер мыс кенін күйдіріп, жартылай қорытуға арналған. Ғалымдар пештердің металды балқыту температурасы 1 000 градусқа дейін жеткенін айтады. Бертінде оны дәлелдеуге қатысты арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тастан, қыштан және сүйектен жасалған бұйымдар — мәні зор айғақтар, өткеннің шынайы куәсі. Олардың бірқатары «Ұлытау» қорық-музейіне тапсырылған екен.

Көне заман жәдігерлері Ұлы Даланың ерте қола және соңғы қола дәуірлерінде Еуразия континентіндегі ересі биік өркениеттің орталығы болғанын айғақтайды. Талдысайда жасалған кейбір металл өнімдерінің Еуропадан, соның ішінде, Балқан түбегінен табылғаны біраз жайттан хабар берсе керек. Демек, алып құрлықтың біраз бөлігі Қазақстанда өңделген металды өз қажеттері-

не жаратып, тиімді пайдалана білген. Ұлытау өңіріндегі Талдысай металл қорыту пештерінде жасалған бұйымдар жайындағы нақты мәлімет Орталық Қазақстанда археологиялық экспедиция жүргізген Әлкей Марғұланның еңбектерінде көрініс тапқан. Талдысай — Ұлытау ауданының орталығынан Жезқазған қаласы бағытында 60 шақырым қашықтықта, қазіргі автокөлік жолы бойында орналасқан қоныс. Көне тас дәуіріне қатысты белгі ретінде осы маңдағы үңгірді айтуға болады. Үңгірдің аумағы көлемді әрі терең. Адамның еркін өмір сүруіне аса қолайлы. Сол маңдағы Талдысай өзені үңгірден төменіректе орналасқан. Үңгір су басып кете алмайтындай жерде орын тепкен.

Қарап отырсақ, неолит (жаңа тас дәуірі) пен энеолит (алғашқы металл өңдеу кезеңі) дәуірлеріне байланысты екі қоныс бар. Біреуі

Жезді өзенінің жағасында орналасқан. Ал бұл арадан аса алшақ емес қашықтықта бабаларымыз мыс балқытқан жер бар ол — Сарыбұлақ. Бұл маңда адамдар тек мыс балқытумен ғана шектелмегені белгілі. Мыстан, қоладан түрлі тұрмыстық бұйымдар жасаған. Осы күнге дейін бұйымдарды құюға арналған түрлі үлгідегі қалыптар табылуда. Әсіресе, әшекей бұйымдардың көбісі мыстан жасалған екен. Сонымен қатар, қазба жұмыстары кезінде еліктің, маралдың, дуадақ құстардың сүйектері жиі ұшырасқан. Бұған қоса, қола дәуірінде адамдардың қолға мал үйрете бастағанын айғақтайтын дәлелдер де бар. Нақтылай түссек, аттың ауыздығын, сулығын маралдың мүйізінен жасаған жәдігерлер де жиі кездеседі. Осының бәрі ертеректе Талдысайда өркениетті ел қоныстанғанын айғақтайды. Бүгінгі күні Талдысайда қола дәуірінің, ға-



лымдар «Андрон мәдениеті» деп атау берген кезеңнің ғажайып белгілері көп. Солардың барлығы — біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықтың орта кезінде осы жерде металл балқытылғанының күмәнсіз айғағы. Түптеп келгенде, металлургия өндірісінің бастау алған жері — бұл. Тіпті, кен сақтайтын орындарына дейін бар. Олардың сыртқы аумағы жалпақ тастармен қоршалған, сол күйінде күні бүгінге дейін мызғымай тұр. Осындай қайталанбас ерекшеліктерімен бұл елді мекен көрген жанды еріксіз тәнті етеді. Тағы бір айта кетерлігі — бұл өңірде ерте темір дәуірі немесе сақтар, яғни, алғашқы көшпелі

ларда Орталық Қазақстанда мекендеген оғыз-қыпшақ жұртының мәдениетін айғақтайды. Қалай десек те, Талдысайдың тарихы тереңде жатыр. Оның ірі орталық болғандығын зерттеу жұмыстары кезінде табылған құнды жәдігер айғақтап отыр. Әсіресе, алыс-жақыннан немесе сыртқары елдерден келген туристерге жарқырата көрсетуге мейлінше лайықты орын. Қазірдің өзінде туристер тамашалайтын орын жасауға мол мүмкіндік бар. Ол — республикалық маңызға ие күрежолдың дәл іргесінде орналасқан тарихи-мәдени кешен. Қысқаша түйіндегенде, Талдысай — көненің көзі, тамырлы тарих тұнбасы.

Мемлекеттік қызмет

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Бүгінгі таңда жоғары оқу орнын үздік бітірген түлектерге мемлекеттік қызметке конкурстық орналасу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке тартуға, сондай-ақ, өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға бағытталған бастама. Мұндай мүмкіншілікпен аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындала алады.

Конкурстық тағайындалды



Осы ретте, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің сәулет-құрылыс факультетін «Сәулеттік дизайн» мамандығы бойынша 3,68 GPA көрсеткішімен тәмамдаған Ажар Ескенова уәкілетті органның келісімі негізінде конкурстан тыс Ұлытау ауданының құрылыс бөліміне бас маман болып тағайындалды.

Ажар Қадыржанқызы дипломдық жұмысын «Ұлытау ауданындағы заманауи туристік орталықтың дизайн-жобасы» тақырыбында қорғаған. Жоба мазмұнында заман талабына сай сәу-

лет шешімдерін ұлттық нақышпен үйлестіріп, Ұлытау өңірінің табиғи және мәдени ерекшеліктерін қамтыған. Соның нәтижесінде дипломдық жұмысын қорғағанда, 96 балл жинақтаған.

Ол зерек, талантты қыз. Университетте оқып жүргенде, жас ғалымдар мен студенттер арасында өткізілген ғылыми конференцияларда мазмұнды баяндамалар жасап, I дәрежелі дипломдармен марапатталған. Келешегінен үміт күттіретін жас.

Ендеше, бізде жас маманға ел игілігі жолындағы қызметіне сәттілік тіледік.

Заң мен тәртіп

Адалдық – сот қызметкерінің басты ұстанымы

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіріп, азаматтардың мемлекетке және оның институттарына деген сеніміне нұқсан келтіретін күрделі мәселе. Әсіресе сот жүйесінде бұл мәселеге ерекше мән берілуі тиіс. Себебі сот – заң мен әділдіктің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызды тетігі.

Сот қызметкері ретінде мен үшін адалдық пен жауапкершілік – күнделікті қызметімнің негізгі қағидалары. Сот саласында еңбек ету тек өз міндетінді орындау ғана емес, сонымен қатар халықтың сот төрелігіне деген сенімін ақтау деп түсінемін. Әрбір азамат сотқа өз құқығы мен заңды мүддесін қорғау үшін келеді. Сондықтан олардың заңға және сот жүйесіне деген сеніміне сызат түсіретін кез келген әрекетке жол бермеу – біздің басты міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек заң талаптарын орындаумен шектелмейді. Ол әр адамның ішкі мәдениетінен, ар-ұятынан және кәсіби ұстанымынан басталады. Сот қызметкері өзінің қызметтік өкілеттігін жеке пайдасына пайдаланбай, азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік пен бейтараптықты сақтауы қажет. Қандай да бір

тараптың мүддесіне заңсыз ықпал етуге, қызметтік жағдайды жеке мақсатта пайдалануға жол берілмеуі тиіс.

Қазіргі таңда сот жүйесінде цифрлық технологиялар мен электрондық сервистердің кеңінен енгізілуі сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беруде. Бұл өз кезегінде адами факторды азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға ықпал етеді. Дегенмен, қандай технология енгізілсе де, оның тиімділігі ең алдымен оны пайдаланатын адамның адалдығына байланысты.

Менің ойымша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ең маңызды жолы – әр қызметкердің өзінен бастауы. «Менің әрекетім сот жүйесінің беделіне әсер етеді» деген жауапкершілік әрбір сот қызметкерінің санасында қалыптасуы қажет.

Сот жүйесінің абыройы – оның әр қызметкерінің еңбегімен қалыптасады. Біз өз қызметімізде әділдік пен заңдылықты, адалдық пен парасаттылықты берік ұстансақ, халықтың сотқа деген сенімі де нығая түседі.

Адал қызмет ету – тек міндет емес, халық алдындағы парыз. Ал сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу – әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды кепілі.

Ақмаржан ҚАЛЕКЕНОВА,
Ұлытау аудандық
сот Әкімшісі басшысының
орынбасары.

ТЖ бөлімі ескертеді!

Ұлытау ауданы Төтенше жағдайлар бөлім қызметкерлері, газ баллондарын сақтау кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің бұзылмауы үшін келесідей ережелермен таныстырады.

1. Жанғыш газдары бар баллондарды сақтауға арналған қоймалар жеңіл ашылатын жабындары бар, бір қабатты, шатырсыз ғимараттарда орналастырылады.

Газы бар баллондар сақталатын үй-жайлардың терезелері ақ бояумен сырланады немесе күннен қорғайтын жанбайтын құрылғылармен жабдықталады.

Баллондарды ашық алаңдарда сақтағанда оларды жауын-шашын мен күн сәулесінің әсерінен қорғайтын бастырмалар жанбайтын материалдардан жасалады.

2. Баллондарды сақтау орындарының айналасында 10 метр қашықтыққа қандай да бір жанғыш материалдарды сақтауға және отпен жүргізлетін жұмыстарды жүргізуге болмайды.

3. Баллондар орналастырылатын шкафтар мен үйшіктер жанбайтын материалдардан жасалады және олардың ішінде жарылыс қаупі қоспалардың түзілуін болдырмайтын табиғи желдеткішпен қамтамасыз етіледі.

Газ баллонын қалай қауіпсіз қолдануға болады?



4. Жанғыш газдары бар баллондар оттегі, сығылған ауа, хлор, фтор және басқа да тотықтырғыштары бар баллондардан, сондай-ақ, улы газдары бар баллондардан бөлек сақталады.

5. Сығылған, сұйытылған және ерітілген күйдегі газ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату және қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкес, баллондарда сақталуы тиіс. Баллондардың сыртқы қабаттары сол газ үшін

белгіленген түспен боялады.

6. Оттегі бар баллондарды сақтау және тасымалдау кезінде майдың түсуіне және баллон арматурасының майлы материалдармен жанасуына жол беруге болмайды.

Баллондарды домалатқанда тиек арматурасын қолмен ұстауға болмайды.

7. Баллондарды жинау кезінде бір-біріне соғылуына, қақпақтар мен

баллондардың жерге құлауына жол беруге болмайды.

8. Қырық дана баллоннан астам мөлшерде газдарды сақтайтын үй-жайлар жарылыс қаупі шоғырлануға дейін жарамды газ талдағыштармен жабдықталады. Газ талдағыштар болмаған жағдайда, сынама алу және бақылау тәртібін объектінің басшысы белгілейді.

9. Баллондардан газдың шығуы анықталғанда олар қоймадан қауіпсіз орынға шығарылады.

10. Жанғыш газдары бар баллондар сақталатын қоймаға табанында металл шеге немесе таға қағылған аяқ киім киген адамдарға кіруге болмайды.

11. Табандығы бар жанғыш газ баллондары тігінен, олардың құлап қалуын болдырмайтын арнайы ұяшықтарда, торларда немесе басқа да құрылғыларда сақталады.

Табандығы жоқ баллондар көлденеңінен рамаларда немесе стеллаждарда сақталады. Қатардың биіктігі бұл жағдайда 1,5 метрден аспайтындай етіп қабылданады, ал клапандар сақтандыру қаппақтарымен жабылады және бір жаққа қаратып қойылады.

12. Газ қоймаларында қандай да бір басқа заттарды, материалдар мен жабдықты сақтауға болмайды.

13. Жанғыш газдары бар қоймалардың үй-жайлары табиғи желдеткішпен қамтамасыз етіледі.

Ұлытау ауданы ТЖБ.

Сұхбат

Күздің келуімен мектептер мен балабақшалардағы тіршілік қайта жанданады. Жазғы демалыстан кейін балалар ұжымдық ортаға қосылып, ауа райы да құбылмалы бола түседі. Бұл кезеңде ата-аналарды «Бала денсаулығын қалай сақтаймыз?», «Дәрумен беру қажет пе?», «Ауырған кезде неге мән берген дұрыс?» деген сауалдар алаңдататыны анық. Осы және өзге де маңызды сұрақтарға Ұлытау ауданы ауруханасының педиатр-дәрігері Досымханова Маржан ЖАҢБЫРШЫҚЫЗЫ жауап берді.

— Маржан Жаңбыршықызы, күзде балалардың жиі ауыруына не себеп?

— Біріншіден, ауа райының құбылуы ағзаға әсер етеді. Екіншіден, жазғы демалыстан кейін балалар мектеп пен балабақшаға оралып, көпшілік ортаға қосылады. Бұл вирустармен байланысты арттырады. Сондықтан баланың иммунитетін қолдаудың ең тиімді жолы — дұрыс күн тәртібі мен күтім.

— Иммунитетті нығайту үшін ата-ана ең алдымен неге көңіл бөлуі керек?

— Ең алдымен дұрыс әрі құнарлы тамақтануға мән берген жөн. Баланың рационында ет, көкөніс пен жеміс-жидек, қарақұмық, күріш сияқты күрделі көмірсулар және пайдалы майлар болғаны дұрыс. Ірімшік, сары май, жаңғақ та рационға қосылады. Бірақ аллергиясы бар балаларға кейбір өнімдерді абайлап берген жөн.

Мектеп немесе балабақша басталар алдында баланың денсаулығын тексертіп, қажет болса ағзадағы тапшылықтарды анықтаған дұрыс.

— Күзде ата-аналар түрлі дәрумендерді өз бетімен бере бастайды. Бұл дұрыс па?

— Дәрумендерді бақылаусыз қабылдауға болмайды. Алдымен балаға нақты не қажет екенін анықтау керек. Егер тапшылық болса, дәрігердің ұсынысымен толықтырылады. Ал тапшылық анықталмаса, қосымша дәрумен қабылдаудың қажеті жоқ. Көптеген пайдалы заттарды құнарлы тағамнан алуға болады.

— D дәруменін қабылдау жөнінде не айтасыз?

— D дәруменіне қажеттілік баланың жасына, тамақтануына, күн сәулесін алуына және басқа да факторларға байланысты. Кей балаларға профилактикалық қабылдау ұсынылуы мүмкін. Оның мөлшерін баланың жасына және денсаулық жағдайына қарай дәрігермен анықтаған дұрыс.

— Баланың денсаулығында ұйқының орны қандай?

Бала денсаулығы: күзгі маусымға қалай дайындаламыз?



— Ұйқы — баланың өсіп-жетілуі мен қалпына келуінің маңызды бөлігі. Ұйқы жеткіліксіз болса, баланың жалпы жағдайына әсер етуі мүмкін.

Тәуліктік ұйқы қажеттілігі жасқа байланысты: 1–2 жаста — 11–14 сағат, 3–5 жаста — 10–13 сағат, 6–12 жаста — 9–12 сағат, 13–17 жаста — 8–10 сағат.

Мектеп пен балабақша басталғанда ұйқы режимін біртіндеп реттеген жөн. Ұйқыға дейін кемінде 1–2 сағат бұрын телефон, планшет пен теледидарды шектеген дұрыс.

— Күз салқындағанда баланы қалың киіндіру қажет пе?

— Баланы ауа райына сәйкес, қозғалуына ыңғайлы етіп киіндірген дұрыс. Қабаттап киіндіру тиімді. Бірақ тым қалың киіндіру де дұрыс емес, бала терлеп қалуы мүмкін.

Денсаулығы жақсы балаға қолайлы ауа райында таза ауада күн сайын сәруендеу пайдалы.

— Бала ауыра бастағанда ата-аналар қандай қателіктерге жол береді?

— Ең бастысы — баланың жағдайын елемей, мектепке немесе балабақшаға жібере бермеу. Әлсіздік, мазасыздық, дене қызуы, жөтел немесе тамақ ауруы байқалса, баланың жағдайын бақылау қажет.

Антибиотикті өз бетімен беруге болмайды. Тұмау мен жедел респираторлық вирустық инфекциялардың басым бөлігін вирустар қоздырады, ал антибиотиктер вирусқа әсер етпейді. Сондықтан мұндай дәрілерді тек дәрігер тағайындауы керек.

— Дене қызуы көтерілгенде бірден түсіру керек пе?

— Ең алдымен баланың жалпы жағдайын бағалау қажет. Көңіл күйі, тыныс алуы, сұйықтық ішуі және белсенділігі маңызды. Қызу түсіретін дәрілерді де баланың жа-

сына және салмағына сәйкес мөлшерде қолданған жөн.

— Жөтел кезінде қандай сақтық қажет?

— Жөтелдің себептері әртүрлі. Сондықтан дәріні өз бетімен таңдауға болмайды. Әсіресе қақырық түсіретін немесе жөтелді басатын дәрілерді дәрігердің кеңесінсіз қолданбаған дұрыс.

— Күз-қыс маусымында ата-аналарға берер негізгі кеңесіңіз қандай?

— Баланың денсаулығы үшін үш нәрсеге мән берген дұрыс: құнарлы тамақ, жеткілікті ұйқы және таза ауадағы қозғалыс. Сонымен бірге ағзада темір, D дәрумені немесе басқа да микроэлементтер тапшылығы бар-жоғын қажет болған жағдайда анықтап, дәрігер кеңесімен толықтыру керек.

Бала ауырған кезде өздігінен емделмей, жағдайын бақылаған жөн. Ал ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес вакцинацияны уақытында алу — инфекциялық аурулардың алдын алудың маңызды жолдарының бірі.

— Ата-аналарға айтар тілегіңіз?

— Баланы түрлі дәрумендермен немесе дәрі-дәрмекпен шектен тыс «қорғауға» тырысқаннан гөрі, күнделікті күтіміне көңіл бөлген дұрыс. Ал денсаулыққа қатысты күмән туындаса, әртүрлі интернет кеңесіне сүйенбей, бірден маманға жүгінген жөн.

— Ата-аналарға айтқан ұсыныстарыңыз балалардың денсаулығын күзгі маусымда дұрыс күтуге септігін тигізері сөзсіз. Пайдалы кеңестеріңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Альмира ОСПАН.

Аудан тынысы



Балалар алаңы — ел игілігіне

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Сейсенбі күні аудан орталығындағы Тайжан көшесі тұрғындары шаттыққа кенелді. Аталған көше бойынан Балалар ойын алаңы ашылып, қолданысқа берілді. Ойын алаңының ашылу рәсіміне аудан әкімінің орынбасары Батырлан СӘБДЕН қатысты.

Заманауи ойын алаңы көше тұрғындарының сұранысына сәйкес, жергілікті қазына қаражаты есебінен салынды. Алаңқайдың құрылыс жұмыстарын мердігер ұйым келісімшарт талаптарына сәйкес, сапалы орындап шықты. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа ойын алаңының ашылуы өскелең ұрпаққа үлкен тарту болды. Көше тұрғындары бұл бастаманы жылы қабылдап, өз ризашылықтарын білдірді.

— Осының бәрі балалардың қамы ғой. Ауданда жылт еткен жақсы жаңалық болса, қуанып жатамыз. Ал, кішкене балаларымызға арналған ойын алаңы тек балаларға ғана емес, бізге де қуаныш сыйлады, — дейді көше тұрғыны Айжан Сабырханқызы.

Ел ілтипатына иеленген ойын алаңының лентасын ауыл ақсақалы Қиятай Сәрсенов пен еңбек ардагері Айтқұл Темірбекова қиды. Алаңқайда балалардың қауіпсіз әрі көңілді демалуына жағдай жасалған. Балалар үшін сырғанақ, өткеншек сияқты ойын жабдықтарымен әртүрлі спорт құрылғылары орнатылған. Алаң патша көңіл балалардың көңілінен шыққан тәрізді. Енді бүлдіршіндер таза ауада еркін тыныстап, бос уақыттарын қызықты, әрі көңілді өткізе алады. Жас ұрпақтың жарқын болашағы мен бақытты балалық шағы үшін жасалған бұл алаң Тайжан көшесінің сәнін ашып, балғындарға қуаныш сыйлады.



8

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактор
Альмира ОСПАН

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы, Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau_kz40@mail.ru

Газетте жарияланған мақала
авторларының пікірі редакцияның
көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінің Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды
есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80VPY00045634 куәлігі берілген.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы - 1000 дана.
Көлемі - 4 баспатабақ Тапсырыс - 36